

Әлеуметтік көмек көрсетеу, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 шілдедегі № 57/10 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 14 тамызда № 7580 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2023 жылғы 14 қарашадағы № 7/5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 14.11.2023 № 7/5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6-бабының 2-3-тармағына және "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес Шиелі аудандық мәслихаты ШЕШМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған, әлеуметтік көмек көрсетеу, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 27.10.2022 № 30/25 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес тізбе бойынша Шиелі аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шиелі аудандық мәслихаты сессиясының төрағасы

К. Шәукебаев

Шиелі аудандық мәслихат хатшысы

Б. Сыздық

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қызылорда облысының жұмыспен

камтуды үйлестіру және әлеуметтік

бағдарламалар басқармасы"

мемлекеттік мекемесімен

Шиелі аудандық мәслихатының

Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидалары

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 28.04.2023 № 2/6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына (бұдан әрі – Ұлгілік қағидалар) сәйкес әзірленді және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, жылжымайтын мүлікке құқықтарды оның орналасқан жері бойынша мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) арнайы комиссия – өмірде қын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) ең төмен күнкөріс деңгейі - "Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Қызылорда

облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі есептейтін , мөлшері бойынша ең тәмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең тәменгі ақшалай кіріс;

4) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

5) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы - отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

6) өмірдегі қыын жағдай - азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

7) уәкілдегі орган - "Шиелі аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

8) участекілік комиссия - әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін кент, ауылдық округ әкімінің шешімдерімен құрылатын комиссия ;

9) шекті шама - әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

3. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде жергілікті атқарушы органдын (бұдан әрі – ЖАО) мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – әлеуметтік көмек алушылар) өмірлік қыын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ, мереке күндерге ақшалай нысанда көрсететін көмек түсініледі.

4. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын) көрсетіледі.

5. "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабында және "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2) тармақшасында, 11-бабының 2) тармақшасында, 12-бабының 2) тармақшасында, 13-бабының 2) тармақшасында, 17-бабында көрсетілген адамдарға әлеуметтік көмек осы Қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

2-тaraу. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі

6. Мереке күндеріне әлеуметтік көмек бір рет ақшалай төлем түрінде келесі санаттағы азаматтарға көрсетіледі:

1) 9 мамыр - Женіс Күні:

Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, атап айтқанда Ұлы Отан соғысы кезеңінде, сондай-ақ бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағын (бұдан әрі – КСР Одағы) қорғау бойынша басқа да ұрыс операциялары кезінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтар

мен мекемелерде қызмет өткерген әскери қызметшілерге, Ұлы Отан соғысының партизандары мен астыртын әрекет етушілеріне – 2500 (екі мың бес жұз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде жарапануы, контузия алуды, мертігіүі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдар, атап айтқанда, Ұлы Отан соғысы кезеңінде майданда, ұрыс қимылдары ауданында, майдан маңындағы теміржол учаскелерінде, қорғаныс шептерінің, әскери-теңіз базалары мен әуеайлақтардың құрылыш жайларында жарапануы, контузия алуды, мертігіүі немесе ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген майдандағы армия мен флоттың әскери қызметшілері, Ұлы Отан соғысының партизандары мен астыртын әрекет етушілері, сондай-ақ жұмысшылар мен қызметшілеріне – 2500 (екі мың бес жұз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға – 60 (алпыс) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға - 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде жарапануы, контузия алуды, мертігіүі немесе ауруға шалдығуы салдарынан қайтыс болған мүгедектігі бар адамның немесе жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жарапануы, контузия алуды, мертігіүі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген қайтыс болған адамның екінші рет некеге тұрмаған зайыбына (жұбайына), сондай-ақ жалпы ауруға шалдығуы, жұмыста мертігіүі және басқа да себептер (құқыққа қарсы келетіндерді қоспағанда) салдарынан болған мүгедектігі бар адам деп танылған, қайтыс болған Ұлы Отан соғысы қатысушысының, партизанның, астыртын әрекет етушінің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтың екінші рет некеге тұрмаған зайыбына (жұбайына) - 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне - 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

бұрынғы КСР Одағын қорғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа кезеңдерде атқару кезеңінде жарапануы, контузия алуды, мертігіүі салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс

қымылдары жүргізілген басқа да мемлекеттерде әскери қызметін өткери кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген әскери қызметшілерге - 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ауғанстандағы немесе ұрыс қымылдары жүргізілген басқа да мемлекеттердегі ұрыс қымылдары кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі, ауруға шалдығуы салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына - 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

1992 жылғы қыркүйек – 2001 жылғы ақпан аралығындағы кезеңде Тәжікстан-Ауғанстан участкесіндегі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шекарасын күзетуді күшейту жөніндегі мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес міндеттерін орындаған Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне - 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2003 жылғы тамыз – 2008 жылғы қазан аралығындағы кезеңде Ирактағы халықаралық бітімгершілік операцияға бітімгерлер ретінде қатысқан Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне - 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

1986 – 1991 жылдар аралығындағы кезеңде Таулы Қарабахтағы этносаралық қақтығысты реттеуге қатысқан әскери қызметшілерге, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына - 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

1986 – 1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарларын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтарға тікелей қатысқан адамдарға - 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынақтардың салдарынан мүгедектік белгіленген адамдар және мүгедектігі ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуымен генетикалық байланысты олардың балаларына - 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарларын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасыларына - 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

сәуле ауруының салдарынан қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектігі бар адамдардың, сондай-ақ қайтыс болуы белгіленген тәртіппен Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери

мақсаттағы обьектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың және ядролық сынақтардың әсеріне байланысты болған азаматтардың отбасыларына - 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

2) 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні:

Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысқаны үшін, осы оқиғаларда қасақана кісі өлтіргені және милиция қызметкерінің, халық жасақшысының өміріне қастандық жасағаны үшін сотталған, өздеріне қатысты қылмыстық істерді қайта қараудың қолданылып жүрген тәртібі сақталатын адамдарды қоспағанда, құғын-сүргіндердің қолданылуы жағдайларында танылған, адамдарға - 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

саяси құғын-сүргіндерден зардап шеккендер ретінде ата-аналармен немесе олардың орнындағы адамдармен бірге бас бостандығынан айыру орындарында, айдауда, жер аударуда немесе арнайы қоныс аударуда болған саяси құғын-сүргіндер құрбандарының балалары, сондай-ақ құғын-сүргін кезінде он сегіз жасқа толмаған және оның қолданылуы нәтижесінде ата-анасының немесе олардың біреуінің қамқорлығынсыз қалған саяси құғын-сүргіндер құрбандарының балаларына - біржолғы жәрдемақы 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

7. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде мұқтаждардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын) көрсетіледі:

1) азаматқа (отбасына) өмірлік қыын жағдай туындаған сәттен бастап өтініш көрсету мерзімі алты айдан кешіктірмей, табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан өрт оқиғасы орын алған мекен-жай бойынша әлеуметтік көмек жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбай көрсетіледі:

қайтыс болған әрбір отбасы мүшесіне - бір рет 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш;

оның мүлкіне зиян келтірілген жағдайда (растайтын құжат болған жағдайда) 150 (жуз елу) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) өмірлік қыын жағдайда, оның ішінде әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігінің шектелуі деп танылған азаматтар (отбасыларға):

туберкулез ауруымен амбулаториялық емдеуде жүрген адамдарға әлеуметтік көмек жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбай, ай сайын 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

гемобластоздар мен апластикалық анемияны қосқанда гематологиялық аурулармен диспансерлік есепте тұрған балалардың ата-аналарына немесе өзге де занды өкілдеріне ай сайын жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбай - 7,6 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

диспансерлік есепте тұрған адамның иммун тапшылығы вирусын жүқтүрган балалардың ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне жан басына шаққандағы орташа табысты есепке алынбай, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің 2 (екі) еселенген мөлшерінде ай сайын.

3) "Бакалавр" дәрежесін алуға Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын студенттерге, өтініш берген уақыттың алдыңғы тоқсандығы жан басына шаққандағы орташа табысты тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің үш еселенген шамасынан төмен халықтың әлеуметтік осал топтары үшін, атап айтқанда:

мүгедектігі бар балаларға, жетім балаларға, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатын балаларға, ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға, балалар үйінде, балалар ауылышта тәрбиеленушілерге, ата-анасының екеуі де жасы бойынша зейнеткер, ата-анасының екеуі немесе біреуі мүгедектігі бар адам болып табылатын балаларға, құрамында бірге тұратын кәмелетке толмаған төрт және одан көп балалары, оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру үйимдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта , техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйимдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар көпбалалы, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған, толық емес отбасыларындағы балаларға.

Табысы аз отбасылардан шыққан балаларға отбасының жан басына шаққандағы орташа табысты тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспаған жағдайда тағайындалады.

Әлеуметтік көмек оқу жылышында басында төленетін оқу орындары көрсететін білім беру қызметі мөлшерінде және тамақтануға мен тұруға кететін шығындарды ішінара өтейтін 72 (жетпіс екі) айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі біржолғы төлемнен тұрады.

4) Санаторий-курорттық емделуге бірінші топтағы мүгедектігі бар адаммен ілесіп жүретін адамға жан басына шаққандағы орташа табысты есепке алынбай Үлгілік қағидалардың 13-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса ұсына отырып, өтініш негізінде 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.

8. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі, көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негізdemeler Үлгілік қағидаларға сәйкес айқындалады.

9. Мереке құндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей, уәкілетті ұйымның не өзге де ұйымдардың ұсынымы бойынша ЖАО бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

10. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру Шиелі ауданының бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүргізіледі.

11. Әлеуметтік көмек ақшалай нысанда екінші деңгейдегі банктер немесе банктік операциялардың тиісті түрлеріне лицензиясы бар ұйымдар арқылы әлеуметтік көмек алушылардың шоттарына аудару жолымен көрсетіледі.

12. Артық төленген сомалар ерікті түрде немесе Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен қайтарылуға жатады.

3-тaraу. Қорытынды ереже

13. Әлеуметтік көмек көрсете мониторингі мен есепке алуды уәкілетті орган "Е-Собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорларын пайдалана отырып жүргізеді.

Шиелі аудандық мәслихатының

2020 жылғы 30 шілдесі

№ 57/10 шешіміне қосымша

Шиелі аудандық мәслихатының күші жойылды деп танылатын кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Әлеуметтік көмек көрсете, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қагидаларын бекіту туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2017 жылғы 7 қарашадағы № 15/8 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6045 нөмірімен тіркелген, 2017 жылдың 5 желтоқсанында №94 аудандық "Өскен өнір" газетінде, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылы 7 желтоқсанда жарияланған).

2. "Әлеуметтік көмек көрсете, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қагидаларын бекіту туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2017 жылғы 7 қарашадағы № 15/8 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2018 жылғы 29 тамыздағы № 28/3 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6438 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2018 жылы 02 қазанда жарияланған).

3. "Әлеуметтік көмек көрсете, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қагидаларын бекіту

"туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2017 жылғы 7 қарашадағы № 15/8 шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2019 жылғы 11 ақпандағы № 36/4 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6686 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылы 20 ақпанда жарияланған).

4. "Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қагидаларын бекіту туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2017 жылғы 7 қарашадағы № 15/8 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2019 жылдың 11 шілдесіндегі № 41/4 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6844 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылы 24 шілдеде жарияланған).

5. "Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қагидаларын бекіту туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2017 жылғы 7 қарашадағы № 15/8 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2019 жылдың 11 қазандағы № 44/2 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6934 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылы 22 қазанда жарияланған).

6. "Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қагидаларын бекіту туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2017 жылғы 7 қарашадағы № 15/8 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2020 жылдың 2 сәуіріндегі № 52/23 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7342 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2020 жылы 8 сәуірде жарияланған).

7. "Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қагидаларын бекіту туралы" Шиелі аудандық 2017 жылғы 7 қарашадағы № 15/8 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2020 жылдың 29 мамырдағы № 54/2 шешімі ((нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7500 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2020 жылы 4 маусымда жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК